«Бекітемін»
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мухашова
« 29 » тамыз 2025ж

«Келісемін»
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Т.Тастаева
« 29 » тамыз 2025ж

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын
2025-2026 оқу жылында жүзеге асыруға арналған
тәрбие жұмысының жоспары

Сыныбы: 1 Б

Сынып жетекші: Тілеуова Нұрсұлу Әбдіразаққызы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушы бұйрығының (№194, 30.07.2024)2-қосымшасына сәйкес

(ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123 бұйрығымен толықтырулар, өзгертулер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы)

1- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

I тоқсан

Апта дәйексөзі: «Білім – баға жетпес байлық, ізденгенге таптырмас қазына.»

№	Тәрбие құндылықтары бойыншаіс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	**1 қыркүйек -Білім күні.** «Мектебім - мейірім мекені» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№1-САБАҚ:** *1-сыныптар:*«Төтенше қызмет нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	03.09.2025ж. .
Апта дәйексөзі: «Отбасым – тірегім, ата-анам – асыл қамқорым.»				
2.	**№1 ЖЖЕ «Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері.** «Мерейлі отбасым» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№2-САБАҚ:** *1- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты видеоролик	Сынып жетекшісі	10.09.2025ж.
Апта дәйексөзі: «Сабырмен іс қылған жанның еңбегі еш кетпейді.»				
3	«Ана – барлық жақсылықтың бастауы» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 3-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	17.09.2025ж.
Апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы»				
4	«Еңбектің наны тәтті...» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 4-САБАҚ** *1-сыныптар:* «Ойыншықтарды қауіпсіз	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	24.09.2025ж.

	пайдалану ережелері»			
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық				
Апта дәйексөзі: «Отан – мәңгілік нұр, халқымның шаттық жыры.»				
5	«Даналық ұстаздан» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 5-САБАҚ** *1-сыныптар:* «Егер бейтаныс адам көшеде көмек сұраса не істеу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**01.10.2025ж.**
Апта дәйексөзі: «Туған жердің топырағы да ыстық, елі де қасиетті.»				
6	**№2 ЖЖЕ «Жүргіншілер өтпелері»** «Кітап - білім бұлағы» Кітапханашылар күні *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 6-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Дүкенге алғашқы рет жалғыз бару»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**08.10.2025ж.**
Апта дәйексөзі: «Отан – алтын ұя, ұлттың рухани бесігі.»				
7	«Республикам-мақтанышым!» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 7-САБАҚ** *1- сыныпта:* «Біріктіруге болмайтын өнімдердің комбинациясы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**15.10.2025ж.**
Апта дәйексөзі: «Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады.»				
8	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№8-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Ата –аналармен құпия сөз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**22.10.2025ж.**
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
II тоқсан **Апта дәйексөзі: «Әділет пен жауапкершілік – адалдықтың өлшемі.»**				
9	«Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**05.11.2025ж.**

	туғанына 190 жыл» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 9-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Жасанды интеллекті мүмкіндіктері. Ата – аналардың дауыстарымен қоңырау шалу»			
Апта дәйексөзі: «Тура сөз – туғаннан биік тұрады.»				
10	«Ұлттық валюта – теңге күні» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 10-САБАҚ** *1-сыныптар* :«Су қоймаларындағы қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**12.11.2025ж.**
Апта дәйексөзі: «Жауапкершілікті сезіну – үлкен азаматтық қасиет.»				
11	«Үлкенге- құрмет, кішіге - ізет» Халықаралық толеранттылық күні *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 11-САБАҚ** *1-сыныптар:* «Төтенше қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**19.11.2025ж.**
Апта дәйексөзі: «Әділдікке берік адам – сүрінбейтін тұлға.»				
12	«Салауатты өмір салтын ұстанамын!» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 12-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**26.11.2025ж.**
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
Апта дәйексөзі: «Бірлігі бар ел – берекеге жетеді.»				
13	«Дүниежүзілік Еріктілер күні» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 13-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Есік қағылды. Қауіпті қалай тануға болады?»	Сынып сағаты Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшісі	**03.12.2025ж.**

Апта дәйексөзі: «Ынтымақ түбі – ырыс.»				
14	«Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 14-САБАҚ** *1-сыныптар:* «Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**10.12.2025ж.**
Апта дәйексөзі: «Бірлік бар жерде тірлік бар.»				
15	«Тәуелсіздік – бастауы бар бақыттың!» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 15-САБАҚ** *1-сыныптар:* «Егер бейтаныс адам көшеде көмек сұраса не істеу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**17.12.2025ж.**
Апта дәйексөзі: «Ынтымақ – елдің тыныштығының тірегі.»				
16	«Жаңа жылдық тарту» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 16-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Дүкенге алғашқы рет жалғыз бару»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**24.12.2025ж.**
III тоқсан **Қаңтар – заң және тәртіп айы**				
Апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбиенің өзегі.»				
17	**№3 ЖЖЕ «Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек»** «Бала және заң» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 17-САБАҚ** *1- сыныпта:* «Біріктіруге болмайтын өнімдердің комбинациясы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**14.01.2026ж.**
Апта дәйексөзі : «Әділетті заң – қоғамның тірегі.»				
18	«Адалдық пен әділдік» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**21.01.2026ж.**

	№ 18-САБАҚ *1- сыныптар:* «Ата –аналармен құпия сөз»			
Апта дәйексөздері: «Ел тәртіпке сүйеніп дамиды.»				
19	«Мамандықтар әлемі» **№ 19-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Жасанды интеллекті мүмкіндіктері. Ата – аналардың дауыстарымен қоңырау шалу»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**28.01.2026ж.**
Апта дәйексөздері: «Жасампаздық – ұлттың дамуына жол ашады.»				
20	«Өз құқығыңды білесің бе?» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 20-САБАҚ** *1-сыныптар* :«Су қоймаларындағы қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**04.02.2026ж.**
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
Апта дәйексөзі: «Ойлы оқушы – ертеңгі жаңашыл тұлға.»				
21	«Қауіпсіз интернет» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 21-САБАҚ** *1-сыныптар* : «Төтенше қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**18.02.2026ж.**
Апта дәйексөзі: «Өнерлі өрен – елдің ертеңі.»				
22	«Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 22-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**25.02.2026ж.**
Апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – уақыт талабы мен ұмтылыстың көрінісі.»				
23	«Алғыс – ізгі ниет» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 23-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Есік қағылды. Қауіпті қалай	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**04.03.2026ж.**

	тануға болады?»			
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
Апта дәйексөзі: «Нағыз патриот – ата-анасын ардақтай білген жан.»				
24	«Ана - өмірдегі ұлы есім!» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№24-САБАҚ** *1-сыныптар:* «Ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**11.03.2026ж.**
Апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – ұлтқа артылған аманат пен жауапкершілік.»				
25	**ЖЖЕ№ 4 «Жарақаттанған, жаралап алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану»** «Наурыз – құт-береке бастауы!» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 25-САБАҚ** *1-сыныптар:* «Егер бейтаныс адам көшеде көмек сұраса не істеу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**18.03.2026ж.**
Апта дәйексөзі: «Ар мен намыс – азаттықтың алтын діңгегі.»				
25	«Жақсы мінез – сарқылмас байлық» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 26-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Дүкенге алғашқы рет жалғыз бару»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**18.03.2026ж.**
IV тоқсан **Сәуір – еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы**				
Апта дәйексөзі: «Еңбек еткеннің жүзі – жарқын, жолы – ашық.»				
26	**ЖЖЕ №5 «Сен – велосипедшісің»**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**01.04.2026ж.**

	«Жер сағаты» Дүниежүзілік Жер күні *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 27-САБАҚ** *1- сыныпта:* «Біріктіруге болмайтын өнімдердің комбинациясы»			
Апта дәйексөзі: «Бақыт – мәңдай терін аямай еңбек еткенге бұйырады.»				
27	«Ғарыш әлемінде» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№29-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Жасанды интеллекті мүмкіндіктері. Ата – аналардың дауыстарымен қоңырау шалу»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**08.04.2026ж.**
Апта дәйексөзі: «Болашақ – кәсібін сүйген маманның қолында.»				
28	«Өмірге салауатты қадам» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут* **№ 28-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Ата –аналармен құпия сөз»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**15.04.2026ж.**
Апта дәйексөзі: : «Білім мен кәсіп – табыстың қос қанаты.»				
29	«Мәдениет - ұлт өмірінің айнасы» **№ 30-САБАҚ** *1-сыныптар* :«Су қоймаларындағы қауіптер	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**22.04.2026ж.**
Апта дәйексөзі: «Күн де ортақ, сөз де ортақ – тек татулық болсын!»				
30	Біз әртүрліміз, бір теңбіз» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 31-САБАҚ:** *1-сыныптар:* «Төтенше қызметнөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**29.04.2026ж**
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы				
Апта дәйексөзі: «Бірліксіз ұйым жоқ, ұйымсыз – қоғам жоқ.»				
31	«Ерлер жердің қорғаны, елдің тұтқасы..»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**06.05.2026ж.**

	Отан қорғаушылар күні *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 32-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»			
Апта дәйексөзі: «Бірлік – тірліктің тірегі, татулық – бейбіт өмірдің кепілі.»				
32	**№6 ЖЖЕ«Көше жүргізушілер көзімен»** «Ер мен Жердің жеңісі» Жеңіс күні *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 33-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**13.05.2026ж.**
33	**№6 ЖЖЕ«Көше жүргізушілер көзімен»** «Ер мен Жердің жеңісі» Жеңіс күні *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 33-САБАҚ** *1- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**20.05.2026ж.**

Сынып жетекші:

2025-2026 оқу жылындағы «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес 1 «Б» сыныбында жоспар бойынша атқарылған жұмыстардың анықтамалығы.

2026 жылдың 1 қыркүйек -Білім күні. «Мектебім - мейірім мекені»тақырыбында 1-сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты – оқушыларды мектеп өмірімен таныстыру, білімге деген қызығушылықтарын арттыру, мектепке деген сүйіспеншілік пен сыйластық сезімін қалыптастыру.

Іс-шара барысында оқушылар бір-бірімен танысып, мектеп ережелері туралы мағлұмат алды. Сонымен қатар Отан, білім, достық туралы өлеңдер оқылып, әндер айтылды. Оқушыларға мектептің адам өміріндегі маңызы түсіндірілді. Іс-шара соңында оқушыларға жылы лебіздер айтылып, жаңа оқу жылында жақсы білім алып, тәртіпті оқушы болуға шақырылды




2025 жылдың 10 қыркүйек күні «Мерейлі отбасым» атты сынып сағаты өтілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға отбасының маңызын түсіндіру, ата-анаға деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Сынып сағаты барысында оқушылар өз отбасы мүшелері туралы әңгімелеп, отбасы туралы мақал-мәтелдер айтып, өлеңдер оқыды. Сонымен қатар «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында әңгіме жүргізіліп, балалар өз ойларымен бөлісті.

Іс-шара кезінде қызықты ойындар мен шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылды. Оқушылар отбасы суреттерін таныстырып, ата-аналарына деген жылы лебіздерін білдірді. Балалар белсенді қатысып, ұйымшылдық танытты.Сынып сағаты соңында оқушыларға отбасы мүшелерін құрметтеу, үлкендерді сыйлау, бір-біріне қамқор болу туралы түсінік берілді.



ЖЖЕ «Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері.

Оқушыларға жолда жүру қауіпсіздігі туралы түсінік беру, көшеде өзін дұрыс ұстауға үйрету, жол белгілерімен таныстыру және жол-көлік оқиғаларының алдын алу.

Сынып сағаты барысында оқушыларға жаяу жүргіншілерге арналған жолақ, бағдаршам түстері және жол белгілерінің мағынасы түсіндірілді. Сонымен қатар көшеде жүру кезінде сақталатын қауіпсіздік ережелері айтылып, жолдан өту тәртібі көрсетілді

2025 жылдың 17 қыркүйек күні «Ана – барлық жақсылықтың бастауы» атты сынып сағаты өтілді.

Сынып сағаты барысында оқушылар аналар туралы өлеңдер оқып, әндер айтты.
Ана туралы мақал-мәтелдер айтылып, ананың отбасы мен қоғамдағы орны туралы әңгіме жүргізілді. Оқушылар өз аналары туралы жылы лебіздерін білдіріп, аналарына деген ризашылықтарын жеткізді.

Іс-шара кезінде түрлі шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылып, балалар аналарына арнап суреттер салып, құттықтау тілектерін дайындады. Оқушылар белсенді қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

Сынып сағаты соңында ананы құрметтеу, ата-ананы сыйлау – әр баланың басты парызы екені түсіндірілді.





2025 жылдың 24 қыркүйек күні ««Еңбектің наны тәтті...» атты сынып сағаты өтілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, еңбектің адам өміріндегі маңызын түсіндіру, адал еңбекке құрмет сезімін қалыптастыру.
Сынып сағаты барысында оқушылар еңбек туралы мақал-мәтелдер айтып, тақырыпқа байланысты өлеңдер оқыды. Мұғалім еңбектің адамға табыс пен қуаныш әкелетіні туралы түсіндіріп, түрлі мамандық иелері жөнінде әңгімеледі.
Іс-шара кезінде оқушылар «Еңбек етсең ерінбей...» тақырыбында өз ойларымен бөлісіп, еңбекқор адам туралы пікірлерін айтты. Сонымен қатар ойындар мен шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылып, балалар белсенділік танытты.

Сынып сағаты соңында оқушыларға қандай істі болса да жауапкершілікпен орындау, үлкендердің еңбегін бағалау және еңбекқор болу туралы тәрбиелік түсінік берілді.





2025 жылдың 1 қазан күні «Даналық ұстаздан» атты сынып сағаты өтілді.

Іс-шараның мақсаты – ұстаз еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, мұғалім мамандығының маңызын түсіндіру, оқушылардың ұстазға деген сыйластық сезімін қалыптастыру.
Сынып сағаты барысында оқушылар ұстаз туралы өлеңдер оқып, жылы лебіздерін білдірді. Мұғалімнің білім мен тәрбие берудегі рөлі туралы әңгіме жүргізіліп, ұстазға құрмет көрсету туралы түсінік берілді.
Іс-шара кезінде оқушылар мақал-мәтелдер айтып, түрлі ойындар мен шығармашылық тапсырмаларға қатысты. Балалар ұстаздарына арнап суреттер салып, алғыс сөздерін жеткізді. Оқушылар белсенділік танытып, сынып сағатына қызығушылықпен қатысты.

Сынып сағаты соңында ұстазды сыйлау, білімге ұмтылу және тәртіпті болу – әр оқушының міндеті екені айтылды.





2025 жылдың 8 қазан күні Кітапханашылар күніне «Кітап - білім бұлағы»
атты сынып сағаты өтілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларды кітапты құрметтеуге тәрбиелеу, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру және кітапханашы мамандығының маңызын түсіндіру.
Сынып сағаты барысында оқушылар кітап туралы мақал-мәтелдер айтып, тақырыпқа байланысты өлеңдер оқыды. Мұғалім кітаптың адам өміріндегі орны, білім алудағы маңызы туралы түсіндіріп, кітапхана ережелерімен таныстырды.
Іс-шара кезінде балалар сүйікті кітаптары туралы әңгімелеп, ертегі кейіпкерлерін еске түсірді. Сонымен қатар қызықты сұрақ-жауаптар, ойындар ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты.
Сынып сағаты соңында кітапты күтіп ұстау, ұқыпты пайдалану және кітап оқуды күнделікті дағдыға айналдыру туралы тәрбиелік түсінік берілді. Кітапханашылардың еңбегіне құрмет көрсетілді.



ЖЖЕ «Жүргіншілер өтпелері»

Оқушыларға жаяу жүргіншілерге арналған жолақтың маңызы, бағдаршам белгілері және жолдан дұрыс өту тәртібі түсіндірілді. Балаларға жолды тек арнайы белгіленген жерден өту керектігі айтылып, қауіпсіздік ережелері көрсетілді.

2025 жылдың 15 қазан күні «Республикам-мақтанышым!» атты сынып сағаты өтілді.

Сынып сағаты барысында оқушылар Қазақстан туралы өлеңдер оқып, мемлекеттік рәміздер туралы мағлұмат алды. Ту, Елтаңба, Әнұранның мағынасы түсіндіріліп, олардың ел өміріндегі орны туралы әңгіме жүргізілді.

Іс-шара кезінде балалар туған жер, Отан туралы өз ойларымен бөлісіп, мақал-мәтелдер айтты. Сонымен қатар патриоттық әндер орындалып, танымдық ойындар мен сұрақ-жауаптар ұйымдастырылды. Оқушылар белсенді қатысып, қызығушылық танытты.

Сынып сағаты соңында Отанды сүю, елін құрметтеу және жақсы азамат болып өсу туралы тәрбиелік түсінік берілді.





2026 жылдың 22 қазан күні ««Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!» атты сынып сағаты өтілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға табиғатты қорғау туралы түсінік беру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Сынып сағаты барысында оқушыларға табиғаттың адам өміріндегі маңызы түсіндіріліп, қоршаған ортаны таза ұстау ережелері айтылды. Ағаштар, жануарлар, су мен ауаның адамға пайдасы туралы әңгіме жүргізілді.

Іс-шара кезінде оқушылар табиғат туралы өлеңдер оқып, мақал-мәтелдер айтты. Сонымен қатар «табиғатты қорғау» тақырыбында сұрақ-жауап, ойындар және сурет салу тапсырмалары ұйымдастырылды. Балалар белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды.



Сынып сағаты соңында табиғатты аялау, қоқыс тастамау, өсімдіктер мен жануарларды қорғау туралы тәрбиелік түсінік берілді.

2025 жылдың 5 қараша «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 190 жыл» атты сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты – оқушыларға Шоқан Уәлиханов туралы түсінік беру, оның еңбектерін таныстыру және оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру болды.

Іс-шара барысында оқушыларға ғалымның өмірі мен еңбектері жайлы қысқаша мәлімет берілді. Шоқан Уәлиханов – қазақтың тұңғыш ғалымдарының бірі, саяхатшы, зерттеуші екені айтылды. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ортаға салды.
Сынып сағаты барысында суреттер көрсетіліп, танымдық әңгіме жүргізілді. Балалар белсенді қатысып, білімді әрі тәрбиелі болу туралы жақсы пікірлер айтты.

Қорытынды бөлімде оқушыларға тарихи тұлғаларды құрметтеу, білім алу және елін сүюдің маңыздылығы түсіндірілді. Іс-шара өз мақсатына жетті.

2025 жылдың 12 қараша «Ұлттық валюта – теңге күні» атты сынып сағаты өткізілді.

1-сынып оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен Отбасылық эстафета спорттық сайыс өткізілді. Іс-шараның мақсаты – ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және ұйымшылдыққа тәрбиелеу болды.
Сайыс барысында ата-аналар мен оқушылар түрлі эстафеталық ойындарға қатысып, өздерінің жылдамдықтарын, ептіліктерін және белсенділіктерін көрсетті. Қатысушылар тапсырмаларды қызығушылықпен орындап, бір-біріне қолдау көрсетті.
Іс-шара өте көңілді әрі тартымды өтті. Ата-аналар балаларымен бірге белсенді қатысып, жақсы көңіл күй сыйлады. Оқушылар ұйымшылдыққа, достыққа және салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиеленді.

Қорытынды бөлімде белсенді қатысқан ата-аналарға алғыс айтылып, қатысушылар марапатталды. Іс-шара өз мақсатына жетті.




2025 жылдың 19 қараша «Үлкенге- құрмет, кішіге - ізет» Халықаралық толеранттылық күні атты сынып сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларды сыйластыққа, әдептілікке, үлкендерді құрметтеуге және кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу болды.

Сабақ барысында оқушыларға толеранттылық, достық, мейірімділік туралы түсінік берілді. Үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізет білдіру – қазақ халқының тәрбиелік құндылығы екені айтылды. Оқушылар мақал-мәтелдер айтып, жағдаяттық сұрақтарға жауап берді.
Сынып сағаты кезінде әдепті сөздер туралы әңгіме жүргізіліп, достық пен татулыққа байланысты ойындар ұйымдастырылды. Оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, белсенділік танытты.

Қорытынды бөлімде оқушылар адамгершілік, сыйластық және татулық туралы өз ойларын ортаға салды. Іс-шара өз мақсатына жетті.



2025 жылдың 26 қараша «Салауатты өмір салтын ұстанамын!» атты сынып сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға денсаулықтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, дұрыс тамақтану, тазалық сақтау және спортпен шұғылдануға тәрбиелеу болды.

Сабақ барысында оқушыларға салауатты өмір салты туралы түсінік беріліп, денсаулықты күту жолдары айтылды. Оқушылар күн тәртібін сақтау, пайдалы тағамдарды тұтыну, жеке бас гигиенасын сақтау туралы пікір алмасты.

Тәрбие сағаты кезінде денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдер айтылып, танымдық ойындар мен сергіту жаттығулары ұйымдастырылды. Оқушылар белсенді қатысып, спорттың пайдасы туралы өз ойларын білдірді.

Қорытынды бөлімде дені сау ұрпақ – ел болашағы екені түсіндіріліп, оқушылар салауатты өмір салтын ұстануға шақырылды.

2025 жылдың 3 желтоқсан күні «Дүниежүзілік Еріктілер күні» атты сынып сағаты өткізілді.

Оқушыларға еріктілік туралы түсінік беру, мейірімділікке, қамқорлық жасауға және өзгелерге көмектесуге тәрбиелеу болды.

Сабақ барысында оқушыларға Халықаралық еріктілер күні туралы мәлімет берілді. Ерікті адамдардың қоғамға пайдасы, үлкендерге, достарына және айналасындағы адамдарға көмек көрсету туралы әңгіме жүргізілді.

Оқушылар мейірімділік туралы мақал-мәтелдер айтып, жақсы істер жайында өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар, жағдаяттық тапсырмалар мен танымдық ойындарға белсенді қатысты.

Қорытынды бөлімде оқушыларға әрқашан қамқор, қайырымды және көмекке дайын болудың маңыздылығы түсіндірілді.

2025 жылдың 10 желтоқсан күні «Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл» атты сынып сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға батырдың ерлігі мен өмір жолы туралы түсінік беру, Отанды сүюге, батылдыққа және патриоттыққа тәрбиелеу болды.

Сабақ барысында оқушыларға Бауыржан Момышұлы туралы қысқаша мәлімет берілді. Оның Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі, елін қорғаудағы батылдығы және жазушылық еңбегі айтылды.

Тәрбие сағаты кезінде батыр туралы өлеңдер оқылып, мақал-мәтелдер айтылды. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын білдірді. Сонымен қатар, Отан, ерлік, батырлық туралы танымдық әңгіме жүргізілді.

Қорытынды бөлімде оқушыларға елін, жерін құрметтеу, батырлардың ерлігін ұмытпау және патриот болудың маңыздылығы түсіндірілді



2025 жылдың 17 желтоқсан күні «Тәуелсіздік – бастауы бар бақыттың!» атты сынып сағаты өткізілді.

Оқушыларға Қазақстан тәуелсіздігі туралы түсінік беру, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру және патриоттық тәрбие беру болды.

Сабақ барысында оқушыларға Қазақстанның тәуелсіз ел екені, тәуелсіздіктің халқымыз үшін маңызы зор екені түсіндірілді. Мемлекеттік рәміздер туралы әңгіме жүргізіліп, туған елге деген құрмет сезімі насихатталды.

Тәрбие сағатында оқушылар Отан туралы тақпақтар айтып, мақал-мәтелдер оқыды. Сонымен қатар, танымдық сұрақтарға жауап беріп, тәуелсіздік туралы өз ойларын білдірді.

Қорытынды бөлімде оқушыларға елін, жерін сүю, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу және тәуелсіздіктің қадірін білу туралы түсінік берілді. Іс-шара өз мақсатына жетті.



2025 жылдың 24 желтоқсан күні «Жаңа жылдық тарту» атты сынып сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, көтеріңкі көңіл күй сыйлау, достыққа және ұйымшылдыққа тәрбиелеу болды.

Мерекелік шара барысында оқушылар жаңа жылға арналған тақпақтар айтып, әндер орындады. Балалар түрлі ойындарға қатысып, би билеп, қызықты тапсырмалар орындады. Сынып мерекелік безендіріліп, оқушыларға қуанышты көңіл күй сыйланды.

Іс-шара кезінде оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтып, достық пен сыйластықтың маңызын түсінді. Белсенді қатысқан оқушылар мадақталып, жаңа жылдық сыйлықтар табысталды.

Қорытынды бөлімде балаларға жаңа жылда жақсы оқу, тәртіпті болу және үлкендерді құрметтеу туралы тілектер айтылды. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.



2026 жылдың 8 қаңтар күні «Бала және заң» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Оқушыларға бала құқығы туралы түсінік беру, құқықтары мен міндеттерін таныстыру, тәртіп сақтауға тәрбиелеу.Сабақ барысында оқушыларға Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары туралы қарапайым мәліметтер айтылды. Оқушылар білім алуға, демалуға, отбасында тәрбиеленуге және ойын еркін айтуға құқылы екені түсіндірілді. Сонымен қатар әр баланың мектеп ережесін сақтау, үлкендерді сыйлау, достарымен тату болу сияқты міндеттері бар екені айтылды.Сынып сағатында сұрақ-жауап, әңгімелесу және ойын элементтері қолданылды. Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын айтты. Тақырып бойынша суреттер мен көрнекіліктер пайдаланылды.

№3 ЖЖЕ «Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*

Сыныпта «Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға жарақат алған жағдайда алғашқы көмек көрсету жолдарын үйрету, қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушыларға жарақат түрлері, күйік, қан кету, көгеру және сүйек сынған кездегі алғашқы көмек туралы түсінік берілді. Оқушыларға жедел жәрдем шақыру нөмірлері және қауіпсіз әрекет ету жолдары түсіндірілді.

Тәрбие сағатында сұрақ-жауап, түсіндіру және көрнекілік әдістері қолданылды. Оқушылар белсенді қатысып, алғашқы көмек көрсету туралы өз білімдерін ортаға салды.

Қорытынды бөлімде оқушылар төтенше жағдайда сабыр сақтап, үлкендердің көмегіне жүгіну және алғашқы көмек көрсету ережелерін сақтау қажет екенін түсінді. Іс-шара өз мақсатына жетті.

2026 жылдың 15 қаңтар күні «Адалдық пен әділдік» сынып сағаты өтілді.
Қауіпсіздік сабағы (10 минут)

Оқушыларға адалдық, әділдік ұғымдарының маңызын түсіндіру, адамгершілікке, шыншылдыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушыларға адал болу, өтірік айтпау, достарына көмектесу, әділ шешім қабылдау туралы түсінік берілді. Күнделікті өмірдегі мысалдар арқылы адалдық пен әділдіктің адам бойындағы жақсы қасиет екені айтылды.

Тәрбие сағатында әңгімелесу, сұрақ-жауап және ойын элементтері қолданылды. Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды. Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер айтылып, тәрбиелік маңызы түсіндірілді.

2026 жылдың 22 қаңтар күні «Мамандықтар әлемі» атты сынып сағаты өтілді.

Оқушыларға мамандық түрлері туралы түсінік беру, еңбекке деген қызығушылықтарын арттыру және болашақ мамандықты құрметтеуге тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушыларға мұғалім, дәрігер, өрт сөндіруші, құрылысшы, аспаз және басқа да мамандықтар туралы мәлімет берілді. Әр мамандықтың қоғам үшін маңызды екені түсіндірілді. Оқушылар өздерінің болашақта кім болғысы келетіндері туралы айтып, ой бөлісті.

Сынып сағатында әңгімелесу, сұрақ-жауап, ойын және суреттер көрсету әдістері қолданылды. Оқушылар белсенді қатысып, мамандықтар туралы білімдерін толықтырды.

2026 жылдың 29 қаңтар күні «Өз құқығыңды білесің бе?» атты сынып сағаты өтілді.

Оқушыларға бала құқықтары туралы түсінік беру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушыларға білім алуға, демалуға, медициналық көмек алуға және отбасында тәрбиеленуге құқықтары бар екені түсіндірілді. Сонымен қатар әр баланың тәртіп сақтау, үлкендерді құрметтеу және мектеп ережесін орындау міндеттері туралы айтылды.

Сынып сағатында сұрақ-жауап, әңгімелесу және ойын элементтері қолданылды. Оқушылар белсенді қатысып, өз құқықтары туралы пікірлерін айтты. Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер пайдаланылды.

Қорытынды бөлімде оқушылар өз құқықтарын білу маңызды екенін және басқа адамдардың құқықтарын құрметтеу қажеттігін түсінді. Іс-шара өз мақсатына жетті.

2026 жылдың 5 ақпан күні «Қауіпсіз интернет»атты сынып сағаты өтілді.

Оқушыларға интернетті қауіпсіз пайдалану ережелерін түсіндіру, зиянды ақпараттан сақтануға үйрету.

Сабақ барысында оқушыларға интернеттегі қауіпсіздік ережелері туралы айтылды. Жеке мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу, бейтаныс сілтемелерді ашпау, интернетті пайдалы мақсатта пайдалану туралы түсінік берілді. Сонымен қатар әлеуметтік желідегі әдептілік пен мәдениетті қарым-қатынас жасау ережелері түсіндірілді.

Сынып сағатында әңгімелесу, сұрақ-жауап және жағдаяттық тапсырмалар қолданылды. Оқушылар белсенді қатысып, интернетті пайдалану туралы өз ойларын ортаға салды.

2026 жылдың 19 ақпан күні «Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл»
атты сынып сағаты өтілді.
Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру, ақынның өлеңдері арқылы Отанды сүюге, елін құрметтеуге тәрбиелеу. Тәрбие сағаты барысында оқушылар ақынның өмірбаянымен танысып, өлеңдерін мәнерлеп оқиды, сұрақ-жауап және шығармашылық жұмыстар орындайды. Сонымен қатар, Жамбыл атаның нақыл сөздері айтылып, кітап көрмесі ұйымдастырылады.
2026 жылдың 26 ақпан күні «Алғыс – ізгі ниет» атты сынып сағаты өтілді.

Оқушыларға алғыс айту ұғымының маңызын түсіндіру, үлкенді сыйлауға, достарына қамқор болуға, әдептілік пен мейірімділікке тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушылар «рақмет», «алғыс», «кешіріңіз» сияқты сыпайы сөздердің мәнін түсінеді. Сонымен қатар, ата-анаға, ұстазға, достарына және айналасындағы адамдарға ризашылық білдірудің адамгершілік қасиет екенін ұғынады..

Іс-шара оқушыларды ізгілікке, сыйластыққа, достыққа және кішіпейілділікке тәрбиелеуге бағытталған.

2026 жылдың 5 наурыз күні «Ана - өмірдегі ұлы есім!» атты сынып сағаты өтілді.

Анаға деген сүйіспеншілік пен құрметті дәріптеу, ананың мейірімі мен еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағатында шығармашылық жұмыстар, сурет салу, жүрекжарды тілектер айту сияқты тапсырмалар орындалады. Оқушылар аналарына арнап жылы лебіздерін білдіріп, мерекелік көңіл күй сыйлайды.

ЖЖЕ№ 4 «Жарақаттанған, жаралап алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану»
Жарақат алған кезде алғашқы көмек көрсету туралы қарапайым түсінік беру, қауіпсіздік ережелерін сақтауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушылар жарақат түрлерімен танысып, қолды жарақаттап алу, құлау, күйіп қалу сияқты жағдайларда не істеу керектігін үйренеді. Сонымен қатар, үлкендерге хабарлау, жедел жәрдем шақыру, тазалық сақтау сияқты қауіпсіз әрекеттер түсіндіріледі.

Тәрбие сағатында суреттер, ойындар, жағдаяттық тапсырмалар арқылы алғашқы медициналық көмектің қарапайым тәсілдері көрсетіледі. Оқушылар қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын түсінеді.

Іс-шара оқушыларды ұқыптылыққа, сақтыққа, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған.

2026 жылдың 12 наурыз күні «Наурыз – құт-береке бастауы!» атты сынып сағаты өтті.

Наурыз мерекесінің мәні мен маңызын түсіндіру, ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеуге, бірлік пен татулыққа тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушылар Наурыз мейрамының шығу тарихымен танысып, қазақ халқының ұлттық дәстүрлері туралы мағлұмат алды. Наурыздың көктемнің, жаңарудың, татулық пен берекенің мерекесі екені түсіндірілді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, өлеңдер мен әндер орындалды.

Тәрбие сағатында оқушылар ұлттық киімдер киіп, Наурыз көже, ұлттық тағамдар туралы әңгімелейді, шығармашылық тапсырмалар орындайды.





2026 жылдың 12 наурыз күні «Жақсы мінез – сарқылмас байлық»
атты сынып сағаты өтті.
Жақсы мінездің адам өміріндегі маңызын түсіндіру, әдептілікке, адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу.Сабақ барысында оқушылар жақсы және жаман мінез-құлық түрлерімен танысады. Үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, достарымен тату жүру, сыпайы сөйлеу сияқты жақсы қасиеттер туралы әңгімеленеді. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер айтылып, жағдаяттық тапсырмалар орындалады.Тәрбие

сағатында оқушылар бір-біріне жылы сөздер айтып, әдептілік туралы өлеңдер оқиды, ойындар арқылы жақсы мінездің маңызын түсінеді.

2026 жылдың 2 сәуір күні ЖЖЕ №5 «Сен – велосипедшісің» атты сынып сағаты өтті.

Тәрбие сағатының мақсаты — оқушыларға велосипед тебу кезіндегі жол қауіпсіздігі ережелерін үйрету, сақтыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушылар велосипедпен жүрудің негізгі ережелерімен танысты. Жолда абай болу, бағдаршам белгілерін сақтау, арнайы жолақпен жүру, қорғаныш құралдарын пайдалану туралы түсінік берілді. Сонымен қатар, жолда жүру мәдениеті мен қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

Тәрбие сағатында суреттер, ойындар және жағдаяттық тапсырмалар арқылы жолда кездесетін қауіпсіздік жағдайлары талқыланды. Оқушылар велосипед тебу кезінде өз өмірі мен денсаулығын қорғаудың маңызын түсінді.

2026 жылдың 2 сәуір күні «Жер сағаты» атты сынып сағаты өтті.

Табиғатты қорғаудың маңызын түсіндіру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және электр қуатын үнемдеуге тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушылар «Жер сағаты» туралы жалпы түсінік алды. Бұл — табиғатты қорғау үшін бір сағатқа жарықты сөндіру арқылы қоршаған ортаға назар аудартатын халықаралық экологиялық акция екенін білді. Earth Hour

Тәрбие сағатында табиғатты аялау, су мен электр энергиясын үнемдеу, қоқысты дұрыс тастау сияқты экологиялық ережелер түсіндірілді. Оқушылар суреттермен жұмыс жасап, ойындар мен әңгімелер арқылы қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын үйренді.

2026 жылдың 9 сәуір күні «Ғарыш әлемінде» атты сынып сағаты өтті.

Ғарыш туралы алғашқы түсінік беру, ғарыш әлеміне қызығушылығын арттыру және танымдық қабілетін дамыту.

Сабақ барысында оқушылар ғарыш, жұлдыздар, планеталар туралы жалпы мағлұмат алды. Ғарышты зерттейтін адамдар – ғарышкерлер екені түсіндірілді. Қазақстаннан шыққан тұңғыш ғарышкер туралы да айтылды. Сонымен қатар, ғарышқа ұшу, зымырандар және ғарышты зерттеу жұмыстары жайлы қарапайым түсінік берілді.

2026 жылдың 9 сәуір күні «Өмірге салауатты қадам» атты сынып сағаты өтті.

Салауатты өмір салты туралы түсінік беру, денсаулықты күтуге, дұрыс тамақтануға және спортпен айналысуға тәрбиелеу.Сабақ барысында оқушылар денсаулықтың адам өміріндегі ең басты құндылық екені туралы білді. Дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасын сақтау, күн тәртібін сақтау және спортпен шұғылданудың маңызы түсіндірілді. Сонымен қатар, зиянды әдеттерден аулақ болу туралы қарапайым түсінік берілді. Тәрбие сағатында түрлі ойындар, жаттығулар, суреттер және әңгімелер арқылы салауатты өмір салтын ұстанудың жолдары көрсетілді. Оқушылар өз денсаулығын сақтау туралы ойларын ортаға салды.

2026 жылдың 24 сәуір күні «Мәдениет - ұлт өмірінің айнасы» атты сынып сағаты өтті.
Мәдениет ұғымын түсіндіру, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, әдептілікке және рухани тәрбиеге баулу.Сабақ барысында оқушылар мәдениет – халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, тілі, өнері екенін білді. Қазақ халқының ұлттық киімдері, ән-күйі, қолөнері және әдет-ғұрыптары туралы қарапайым түсінік берілді. Сонымен қатар, үлкенді сыйлау, сыпайы сөйлеу, тәртіпті болу сияқты

мәдени мінез-құлық үлгілері түсіндірілді.

Тәрбие сағатында өлеңдер оқылып, мақал-мәтелдер айтылып, сурет салу және шығармашылық тапсырмалар орындалды.



2026 жылдың 30 сәуір күні «Біз әртүрліміз, бір теңбіз» атты сынып сағаты өтті.

Адамдардың сыртқы келбеті, мінезі, қызығушылығы әртүрлі болса да, бәрі тең және бірдей құрметке лайық екенін түсіндіру, достыққа және сыйластыққа тәрбиелеу.Әр адамның өзіндік ерекшелігі болатынын, бірақ бәрі бір ұжымда тату өмір сүруі керек екенін түсінеді. Бір-бірін сыйлау, көмектесу, мазақтамау, достық қарым-қатынаста болу сияқты құндылықтар туралы әңгімеленді.

Тәрбие сағатында ойындар, жағдаяттық тапсырмалар және әңгімелер арқылы балалардың бір-бірін түсінуі мен қабылдауы дамытылды. Оқушылар «достық», «татулық», «теңдік» ұғымдарын қарапайым түрде меңгерді.

2026 жылдың 14 мамыр күні «Ерлер жердің қорғаны, елдің тұтқасы..» атты сынып сағаты өтті.

Ер азаматтардың ел қорғаны, отбасының тірегі екенін түсіндіру, отансүйгіштікке, батылдыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу. Тәрбие сағатында өлеңдер оқылып, мақал-мәтелдер айтылады, сұрақ-жауап және шығармашылық тапсырмалар орындалды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, ерлік пен намыс туралы түсініктерін кеңейтті.



№6 ЖЖЕ«Көше жүргізушілер көзімен»

Тәрбие сағатының мақсаты — оқушыларға жолда жүру ережелерін көлік жүргізушісінің көзімен түсіндіру, жолда қауіпсіз болуға және жауапкершілікке тәрбиелеу.

Сабақ барысында оқушылар жүргізушілердің жолдағы жағдайды қалай көретінін және қандай қиындықтар кездесетінін білді. Жаяу жүргіншілердің ережені сақтамауының салдары, бағдаршам мен жол белгілерінің маңызы түсіндірілді.

Тәрбие сағатында суреттер, бейнематериалдар, ойындар және жағдаяттық тапсырмалар арқылы қауіпсіз жол қозғалысы туралы білім берілді. Оқушылар жолда мұқият болу, асықпау және тәртіп сақтау қажеттігін түсінді.

2026 жылдың 21 мамыр күні «Білімім -Отаныма атты сынып сағаты өтті.

«Білімім – Отаныма» тақырыбында 1-сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты – оқушыларға білімнің маңызын түсіндіру, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру және білімді азамат болып өсуге тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушылар Отан, туған жер, білім туралы түсініктерін ортаға салды. Білімнің адам өміріндегі рөлі туралы әңгімелесіп, мақал-мәтелдер айтып, өлеңдер оқыды. Сұрақ-жауап арқылы балалардың ой-пікірлері тыңдалып, білімді болудың ел болашағы үшін маңызы түсіндірілді.



